



**«Ш. ЕСЕНОВ АТЫНДАҒЫ КАСПИЙ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ЖӘНЕ ИНЖИНИРИНГ  
УНИВЕРСИТЕТІ» КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ»**

---

**БЕКІТЕМІН**

**Yessenov University**  
**Академиялық жұмыс**  
**жөніндегі вице – президент**  
**\_\_\_\_\_ К.К. Макулов**  
**« \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 2024ж.**

**«Yessenov» республикалық пәндік олимпиадасының ЕРЕЖЕСІ**

**Ақтау 2024**

## 1. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

- 1.1. Осы ережеде келесі нормативтік құжаттарға сілтемелер жасалынған:
- Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 «Білім туралы» Заңы;
  - Yessenov University қабылдау Ережесі.

## 2. АНЫҚТАМАЛАР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР

Yessenov University – Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялық және инжиниринг университеті  
ҰБТ – ұлттық бірыңғай тестілеу

## 3. ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ

3.1. Осы Ереже Yessenov University-де өтетін «Yessenov» республикалық оқушылардың пәндік олимпиадасының (бұдан әрі қарай – Олимпиада) мәртебесін, мақсаты мен міндеттерін және оны өткізу тәртібін анықтайды.

3.2. Олимпиаданың негізгі мақсаттары оқушылардың зияткерлік және шығармашылық қабілеттерін айқындау және дамыту.

## 4. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

4.1. Олимпиада: география, биология, физика, математика, химия, жалпы тарих, Қазақстан тарихы, орыс тілі және әдебиеті, қазақ тілі және әдебиеті, ағылшын тілі, информатика пәндері бойынша өткізіледі.

4.2. Олимпиаданың ресми және тіркелу сайты: <http://olimp.yu.edu.kz>

4.3. Олимпиаданы ұйымдастыру мен өткізу жұмыстарын ұйымдастыру комиссиясы жүзеге асырады.

4.4. Ұйымдастыру комиссиясы құрамына төраға, орынбасарлары, жауапты хатшы және мүшелері кіреді. Ұйымдастыру комиссия құрамына мүшелері ретінде университет қызметкерлері және сонымен қатар университет декандары кіреді.

4.5. Ұйымдастыру комиссиясы:

- 1) Олимпиаданы ұйымдастырудың барлық шараларын өткізуді жүзеге асырады;
- 2) Олимпиада кезеңдерінің өткізу тәртібі мен мерзімін анықтайды (1-2 кезең);
- 3) Online режимде қатысушылардың тіркелуін ұйымдастырады;
- 4) 1-2 кезеңдерінің тест тапсырмаларын бекітеді.
- 5) Олимпиада жүлдегерлерін анықтайды.
- 6) Олимпиада туралы Ережеге сәйкес басқа да қызметтерді іске асырады.

4.6. Олимпиаданың тест тапсырмаларына жауапты оқытушылар құрамы:

- 1) Олимпиада пәндері бойынша тапсырмалар дайындайды;
- 2) Тапсырмалардың ғылыми-әдістемелік деңгейіне, дұрыстығына және Олимпиада кезеңдеріне сәйкестігіне жауап береді;
- 3) Олимпиаданың пәндік тапсырмаларының орындалуын бағалау критерийлері мен әдістемесін дайындайды;
- 4) Олимпиада қатысушыларының жауаптарын Canvas жүйесі автоматты түрде тексереді, жазбаша тапсырмаларды тиісті оқытушы құрам тексереді;
- 5) Олимпиада тапсырмаларының құпиялығына жауап береді;
- 6) Олимпиада туралы Ережеге сәйкес басқа да қызметтерді іске асырады.

4.7. Бірінші кезең география, биология, физика, математика, химия, дүние жүзі тарих, Қазақстан тарихы, орыс тілі және әдебиеті, қазақ тілі және әдебиеті, ағылшын тілі, информатика пәндері бойынша тест тапсырмалардан тұрады.

4.8. Екінші кезең тапсырмасы, Эссе түрінде беріледі.

4.9. Бірінші кезең онлайн түрде **Canvas** жүйесінде және екінші кезең офлайн түрде өткізіледі.

## 5. ОЛИМПИАДАНЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ МЕН ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

5.1. Олимпиада екі кезеңде өткізіледі.

Қатысушылар <http://olimp.yu.edu.kz> сайтына тіркеледі. **Тіркелу мерзімі: 01 -15 сәуір.** Бірінші кезең – іріктеу кезеңі тест, онлайн түрде 2024 жылдың **02 мамыр** дейін өткізіледі;

Екінші кезең – қорытынды кезең эссе, офлайн түрде 2024 жылдың **15 мамыр** дейін өткізіледі.

5.2. Оқушылар тек бір пән бойынша ғана онлайн түрде **Canvas** жүйесінде (<https://ino.yu.edu.kz>) Олимпиадаға қатысады. Бұл жүйеге кіру үшін олимпиада қатысушысы тіркелу кезіндегі берген поштасына университеттен жіберілген құпия сөзін теріп кіреді.

5.3. Бірінші кезең қорытындысы бойынша 50%-дан жоғары жинаған қатысушы келесі кезеңге қатысуға жіберіледі.

5.4. Олимпиада кезеңдерінің қорытындылары әрбір қатысушының жеке көрсеткіштері бойынша анықталады.

5.5. Олимпиада кезінде қатысушылардың тарапынан жасалуы мүмкін заң бұзушылықтардың алдын алу мақсатында **прокторинг** жүйесі қосылады.

### 5.6. Бірінші кезең ережесі:

1) Қатысушы өзі таңдаған пән бойынша тапсырмаларды орындайды (тест тапсырмасын тапсыруға гуманитариялық бағыттағы пәндерге 75 минут беріледі, жаратылыстану-математикалық бағыт бойынша пәндерге 100 минут беріледі).

2) 1-2 кезең бойынша қорытынды университеттің әлеуметтік парақшасында (<https://admission.yu.edu.kz>) жарияланады.

### 5.7. Екінші кезең ережесі:

Қатысушы екінші кезеңде – университет тарапынан берген тақырыптардан эссе жазады, 120 минут беріледі, офлайн түрінде өтеді.

Апелляция олимпиада өткен күннен кейін келесі күні 09:00 ден 13:00 –ге дейін онлайн түрде жүргізіледі. (Ақтау қаласы уақытымен). Барлық шағымдар [admission@yu.edu.kz](mailto:admission@yu.edu.kz) поштасына жіберілуі тиіс. Апелляция қорытындысы сол күні сағат 18:00-ге дейін пошталарына жіберіледі.

## 6. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

6.1. Олимпиада жеңімпаздары I, II, III дәрежелі дипломмен марапатталады және география, биология, физика, математика, химия, жалпы тарих, Қазақстан тарихы, орыс тілі және әдебиеті, қазақ тілі және әдебиеті, ағылшын тілі, информатика пәндері Yessenov University ішкі 60 грант (жеңілдікке) ие болады.

1 орынға (20 оқушыға) – 100 % жеңілдік

2 орынға (20 оқушыға) – 75 % жеңілдік

3 орынға (20 оқушыға) – 50 % жеңілдік.

6.2. «Yessenov» республикалық олимпиадасының жеңімпазы Yessenov University оқу үшін ҰБТ-ға қатысып, шекті баллды алуы тиіс. Келесі оқу жылына оқу ақысын төлеудегі жеңілдіктер мен гранттар GPA нәтижесі (3,3-тен кем емес) бойынша жүргізіледі.